

ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН ҚОЛДАУ ҚОРЫ



ҰЛЫҚ ИМАМ – ИМАМ АҒЗАМ
ӘБУ ХАНИФА

Алматы, 2011

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
САРАПТАУ КОМИССИЯСЫ МАҚҰЛДАҒАН

Әбсаттар қажы Дербісәлі, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, *Бас мүфти*
Ұлық Имам - Имам Ағзам Әбу Ханифа, - Алматы:
«Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. - 52 бет

Қолыңыздағы кітапшада Ислам дініндегі төрт мәзһабтың ең ірісі болған Ханафилік жолдың негізін қалаған ірі ғұлама Әбу Ханифа ән-Нұғман ибн Сәбиттің (р.а.) өмір жолы жайлы сыр шертіледі.

Кітапша қалың оқырманға арналған.

Ұлық имам – Имам Ағзам Әбу Ханифа

Сәлімгерей кәсіпкерлікпен айналысып фирма ашты. Бірте-бірте ісі алға басып, біраз қор жинапты. Иmandылықты ту етті. Адал жүріп, адал тірлік еткеннің пайдалы екенін түсінген ол өзі ғана емес, ұлдарын да ата дініне бет бұрғызды. Әсіресе, үлкен баласымен апта сайын жұма намазынан қалмайды. Сөйтіп жүріп қасиетті Мекке мен Мәдинаға перзентін ертіп қажылыққа баруды жоспарлады. Ол ойы да орындалып, дініміздің отанына барудың сәті түсті.

Меккедегі бас мешітте бір мезгілде бір миллион адам намазға тұрады екен. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған мұсылмандар бір атаның балаларындай бір сапқа тұрып, сәждеге жығылуда. Ғибадат соңында Арман әкесінен:

– Әке, намаз кезінде діни амалдарды әркім әртүрлі орындап жатқанын байқадым. Біреуі қолын кіндіктен төмен байласа, енді бірі кеудесіне қояды. Аяқтарын да талтитып тұрады. Біздің елде діни амалдар бұлай әртүрлі атқарылмайды, бірдей ғой, неге олай,- деді.

– Балам, жаһанның күллі мұсылмандарының 84% сүнниттер. Бұл – Исламдағы басты бағыт. Ал енді сүнниттердің өзі 4 мазһабқа бөлінеді. Біз ұлық имам – имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабындамыз. Сол себепті де діни амалдарымызда алшақтық жоқ, – деді әкесі.

– Әке, мәзһаб деген не? – деді Арман бұрын ести бермеген сөзге түсінбей.

Сәлімгерей әңгімесін әріден бастап түсіндіруге кірісті.

Әбу Ханифа мәзһабы, мәні мен маңызы

Ислам – он төрт ғасырдан бері бүкіл адамзатты сенімі мен нанымына, тегі мен нәсіліне қарамай бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлылық пен тазалыққа шақырып келе жатқан Алла тағаланың бірегей діні. Тарих сахнасына көтерілгеннен бері, өмірдің өзі көрсеткендей, Ислам дінінің ғылым–білім мен өркениеттің сарқылмас кәусар бұлағы екендігін әлем мойындауда.

Ислам әлемге тек қана Орта Азияның өзінен Әбу Насыр әл-Фараби (870–950), Әбу Әли Ибн Сина (980–1037), Әбу Райхан әл-Бируни (973–1050), Ұлықбек (1394–1449), Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабыр (1483–1530) мен Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) секілді кемеңгер ғұламалар мен көрнекті мемлекет қайраткерлерін берді. Олар ғылымның көптеген саласына жол ашты.

Ислам дінінің қазақ даласына келгеніне он екі ғасырдан аса уақыт өтті. Содан бері халқымыз атақты ислам ғұламасы, фикһтың (мұсылман заңы) білгірі Нұғман ибн Сәбит (р.а.) (699–767) негізін қалаған Ханафи мәзһабын (діни құқықтық мектеп) ұстанып келеді. Осы орайда, әуелі фикһ пен мәзһабтың ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Мәзһаб – жол, бағыт, көзқарас деген мағынаны білдіреді. Шарифатта – арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығына «мәзһаб» делінеді. Шарифат

үкімдерінің қайнар көзі болып табылатын Құран және хадистің әрбір сөзінің бірнеше астарлы, терең мағыналары, түсу себептері, тіпті кейбір себептерге байланысты хадистердің бір-біріне қарама-қайшы келетін, яки бір қарағанда қарама-қайшы сияқты көрінетін жерлері де бар. Және хадистердің «сахих лизәтиһи», «сахих лиғайриһи», «хасан лизәтиһи», «хасан лиғайриһи», «әлсіз», «жалған» «мутауатир», «ахад», «мәшһур», «ғариб» сияқты қуаттылық жағынан үкім шығаруда үлкен әсерлі дәрежелері бар. Құран аяттары мен пайғамбарымыздың астары терең қасиетті хадистерін жалпы халықты былай қойғанда, араб тілін жетік білетін мамандардың өзі ара жігін ажыратып, пәтуа шығаруы мүмкін емес. Белгілі мәселеде пәтуа шығаратын адам алдымен мыңдаған хадистерді саралап, барлық Құран аяттарына мұхият көз жүгіртіп шығуы тиіс. Мұнымен қоса сол мәселедегі өз сахабалардың айтқан сөздері мен берген пәтуаларын әрі кейінгі келген мүжтаһид ғұламалар мен замандас ғалымдардың көзқарастарын және жергілікті халықтың менталитеті мен жағдайын жақсы білуі қажет. Бұларды кез-келген қарапайым адам тереңнен талдап, аражігін ажыратып, шарифи үкім шығара алмайтындықтан Әбу Ханифа сияқты Құран ілімімен қоса хадис ілімін, мантық-қисын, фикһ негіздерін, т.б. ислами ілімдерді жетік білген мүжтәһидтің шығарған үкімдерімен жүруге мұқтаж. Өз бетінше әрекет етуші жолдан адасуы әбден мүмкін.

Исламның алғашқы дәуірінде мұсылмандар арасында діни қайшылықтар тумады. Өйткені, хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз қасиетті Құран және өзінің даналығымен мәселенің шешімін айтып, дер кезінде алауыздықтың алдын ала білді.

Бұл туралы Алла тағала мұсылман үмметін: «Ей, иман келтіргендер! Аллаға, пайғамбарға және өз араларыңдағы ұлықтарыңа бойсұнындар. Егер өзара бір нәрсеге келісе алмасаңдар, оның жайын Алладан, пайғамбардан сұраңдар. Аллаға, қиямет күніне сенетіндерің рас болса, бұл сендер үшін қайырлы әрі тиімді» («Ниса» сүресі, 59-аят), – деп ескертеді.

Шариғаттың негізгі мәселелері Құран мен хадисте қамтылған. Сондықтан хазіреті Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ислам қауымына: «Ей, мұсылмандар! Мен сендерге екі нәрсені қалдырып барамын. Егер оларды бекем ұстап, амал етсеңдер, ешқашан адаспайсыңдар. Олар – Алланың кітабы (Құран Кәрім) және Алла елшісінің сүннеті», – деген.

Уақыт өте мұсылмандардың саны көбейе түсті, жаңа мәселелер туындай бастады. Өйткені, өмір мен тіршілік үнемі өзгеріп, өркендеп, жаңарып, дамып отырады. Бұндай жағдайда, сахабалар өз білімдеріне сүйеніп, шариғат шеңберінде ол мәселелерді шешіп отырды.

Мысалы, Әбу Бәкір (р.а.) өзінің халифалық кезінде бір мәселеге байланысты шешім шығарар алдында Құран аяттарына сүйенген, ол мәселенің жауабын аяттардан таба алмай қалған жағдайда, хадистерден іздеген. Ол жерден де таба алмаса, білімді де беделді сахабалардың басын қосып, олармен сол мәселелер туралы кеңесіп, ойларын тыңдап, содан кейін ғана шешім қабылдайтын.

Кейінірек Ислам діні өзге халықтар, ұлыстар арасына таралды. Олар араб тілін де, дінін де білмейтін. Діни үгіт – насихат пен тағылым істерін оларға жеткізу сахабалар үшін оңай емес-тін. Бұл ретте

сахабалар ислам дінін бүге-шігесіне дейін үйренемін дегендерге ұстаздық етті. Сол ұстаздар қатарына хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың ұлық төрт халифасы, сондай-ақ Абдулла ибн Масъуд (590–653), Абдулла ибн Омар (612–643), Абдулла ибн Аббас (619–686), Абдулла ибн Әмр ибн Аас (571–664), Зәйд ибн Сәбит (615–665) және Айша (613–678) (р.а.) анамызды жатқызуға болады. Олар өз заманының дара адамдары еді. Абдулла ибн Аббастың (р.а.) үйі «білім ордасы» атанған.

Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз оларға: **«Сахабаларым аспандағы жолшы жұлдыздар іспетті. Олардың қайбіріне ілессеңдер, хақ жолын табасыңдар»**, –деп сипат берген.

Имам Мәліктің (713–795) *«Муатта»* атты кітабын оқып шыққан халифа Жағфар Мансур (754–775) оның біліміне ризашылық білдіріп: *«Өте құнды еңбек жазыпсыз. Келіңіз, мұсылмандарға ислам дінін тек осы кітап бойынша амал еткізейік»*, – дегеніне, имам: *«Жоқ, олай етуге болмайды. Расулулланың сахабалары жан-жаққа тарады, олардың барлығы да өздерімен жақсылықты ала барды»*, – деген екен.

Сахабалардың кезінде түрлі діни көзқарастар пайда болды. Соның салдарынан исламды әртүрлі талдайтын, түрлі-түрлі мәзһабтар (діни құқықтық мектеп, жол) көбейді.

Уақыт өте фикһ (мұсылман заңы) саласы бойынша Құран аяттарын дұрыс талдау және хадистерді зерттеу арқылы шарифатты дамытып, жалған мектептерге қарсы күресуші, олардың қателіктерін паш етуші **Әбу Ханифа (699–767), имам Малик (717–795), имам Шафиғи (767–820), Ахмад ибн Ханбал (780–855)**

секілді ислам ғұламаларының мәзһабтары дүниеге келді.

Бұлар ислам әлемінде ресми мәзһаб саналып, 1300 жылдан бері өз ұстанымдары бойынша амалдарын жүргізуде. Ол мәзһаб иелерінің әрқайсысы мүжтаһид (білгір) ғалымдар еді. Солардың біріне мойынсұну арқылы осы заманға дейінгі әртүрлі қайшылықтардың жолы кесіліп, алды алынып келеді. Сондықтан бұл төрт мәзһабтың бірін ұстану қазіргі заман талабы да. Өйткені, олар Құран кәрім мен сүннет жолына лайық болғандықтан *«әһлус-сунна уәл-жамаға»*, яғни хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың сүннет жолын ұстанып, көпшіліктен бөлінбей, бірлік-ынтымақты жақтаушы қауым мәзһабтары атанды.

Мазһабтардағы айырмашылықтар тек абзал және дұрыс деген сөзде ғана. Яғни, біз өз мәзһабымызды абзал санаймыз да, ал қалған үш мәзһабты дұрыс деп білеміз. Тек біздің мәзһаб дұрыс, қалған үшеуі бұрыс деу адасушылық болып есептеледі.

Соның ішінде біздің Ханафи мазһабымыз тұла бойы адамгершілік пен бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарға бай. Бұл күндері әлем халқының төрттен бірі мұсылман болса, солардың 48% осы мазһабта. Қалған 52% үш мазһаб пен өзге де ағымдарға тиесілі.

Имам Малик мазһабын Африканың бірқатар елі, Имам Шафидің мазһабын Мысыр, Сирия, Малайзия, Индонезия, ал Ахмад ибн Ханбал мазһабын Парсы шығанағы аймағындағы халықтар ұстанады. Әбу Ханифа мазһабы негізінен Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан Түркия, Ресей, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан жұртына кеңінен тараған.

Осы төрт мазһаб ішіндегі жұмсағы әрі халқымыздың жүрегі мен табиғатына, әдет – ғұрпына жақыны, бабаларымыз ежелден таңдаған Әбу Ханифа – Имам Ағзам мазһабы. Исламдағы бір мазһабта болудың артықшылығы – халық біртұтас, ынтымағы мен бірлігі күшті, ұйымшыл болады. Орта Азия мен Қазақстанда қанша ғасырлардан бері діни алауыздықтың болмай, ұрыс-керіс, дау-жанжалдан іргесін аулақ салуының да бірден-бір сыры осында. Өйткені, құлшылық амалдарының бір болуы ондай жат пиғылдың тууына жол бермейді.

Әбу Ханифа мазһабы өзге діни мектептермен салыстырғанда өз жамағатына көп жеңілдік беруімен әрі демократиялығымен де ерекшеленеді. Біздің жартылай көшпелі халқымыздың бұл мазһабты қабылдауының тағы бір себебі – өз дүниетанымы, болмысы мен діліне оның тонның ішкі бауындай жақындығында.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен оның қарауындағы бүкіл мешіттер Әбу Ханифа мазһабы бойынша шарифат ұстанып, соған орай амал етеді. Бұл ел бірлігі мен ынтымағын, достығы мен ұйымшылдығын сақтап, оны одан әрі күшейте түсуге қызмет ету деген сөз.

Ханафи мазһабының негізін қалап, оны нығайту жолындағы фикһ ғұламаларының жасаған қызметін дін ғұламалары былай баяндайды: «*Фикһ ілімінің дәнін Абдулла ибн Мәс'уд (р.а.) екті, Имам Әлқама өніп шыққан егінді суарды, Ибраһим ән-Наһа'би піскен астықты жинады, Әбу Ханифа оны диірменге тартты, Имам Әбу Юсуф ұннан қамыр жасады, Имам Мұхаммед нан пісірді. Міне, барлық халық осы*

күнге дейін Имам Ағзам дайындаған ұннан жасалған нанды жеп келеді».

Негізінде «*фиqh*» сөзі «терең, жан-жақты түсіну» деген мағынаны білдіреді. Фикһ пәні ғибадат, қоғамдағы өзара қарым-қатынас, әдет-ғұрыптардың шарифатқа сәйкес тәртіп – қағидалары мен оның қайнар көзін үйретеді. Бұл саланың маманын фақиһ (мұсылман заңгері) деп атайды.

Әли ибн Әбу Талиб (600–661) пен Абдулла ибн Масъуд (р.а.) (590–653) Куфа қаласында шарифат жөнінде білім беретін орталық құрып, Құран кәрім мен сүннет бойынша тәлім-тәрбие істерін жүргізген алғашқы сахабалар еді. Кейінірек бұл білім ордасын шарифат ілімінің ғалымы, ұлық сахаба Абдулла ибн Масъуд (р.а.) басқарып қалады. Ол туралы хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз: **«Ибн Масъудтың айтқандарын бұлжытпай орындаңдар»**, – деген. Бұл кісі Куфада Құран Кәрім мен хадис шәріптен сабақ беріп, шарифат ғылымының мамандарын дайындады.

Олардың бірі – Әлқама ибн Кайс (р.а.). Ол – Омар, Әли, Әбу Дәрда (?-652), Айша, Саъд, Хузайфа, Халид, ибн Масъуд және басқа да сахабалардан (р.а.) дәріс тыңдаған әрі хадис риуаят еткен сахаба. Абдулла ибн Масъуд (р.а.): **«Менің білімім Әлқаманың білімінен артық емес»**, – деген екен.

Абдулла ибн Масъуд (р.а.) дүние салғаннан кейін, Әлқама ұстаз болып қалды. Бұдан кейін білім ордасын **«Фақиһ әл-Ирақи»**, яғни **«Ирақтың шарифат ілімінің маманы»** деген атаққа ие болған Ибраһим ән-Наһаъи басқарды. Ол кісіден кейін Хаммад ибн Сүлеймен (р.а.) Куфаның үлкен ұстазы саналды. Одан соң бұл орынды **имамдар сарбазы** Әбу Ханифа ән-Нұғман ибн Сәбит (р.а.) иеленді.

Имам Ағзамнан (р.а.) кейін бұл жолды оның шәкірттері – ұстаз Әбу Юсуф пен имам Мұхаммед ұстанды. Олар ұстазының шығарған пәтуаларын хатқа түсіріп, халыққа насихаттаған. Осы кісілер арқылы Ханафи мазһабы жер жүзіне тарады әрі фикһ саласы кемеліне жете дамыды.

Әбу Ханифа. Ғибратты өмір өрнектері

Имам Ағзамның ата-бабалары Әмудария өзені жағалауындағы Тирмиз бен Хорасанда ертеректе болған Наса қалаларында өмір сүрген. Олар парсы әулетінен еді. Әйтсе де, кейбір деректерде оның түркі текті екені жайлы да айтылады. Ұлық төрт халифа кезінде Ислам діні парсы елдеріне тарай бастады. Исламға қарсы шығып, тұтқынға алынған дінсіздер ішінде Әбу Ханифаның бабасы да болған деседі. Кейінірек ол Исламның шынайы дін екенін түсініп, мұсылман болады. Сол себепті ол тұтқыннан босатылып, үйіне жіберіледі.

Отбасына аман-есен оралған бабасы Исламды тереңінен түсініп, балаларын да Исламға сәйкес тәрбиелейді, болашақтағы ұрпағының барлығы Исламның ақ жолында дүниеге келулерін тілейді.

Хазіреті Әли ибн Әбу Талибтің (р.а) халифалық кезінде олар Хорасаннан Куфа қаласына қоныс аударады. Бабасы ұлы Сәбитті хазіреті Әлидің (р.а) қасына ертіп барып, бата сұрайды. Хазіреті Әли (р.а): **«Алла тағала балаңызға және оның болашақ ұрпақтарына мол береке берсін»**,—деп дұға етеді. Атасының тілегі мен халифаның дұғасы қабыл болып, ұрпағынан иманды да, тақуалы ғалым Әбу Ханифа дүниеге келеді.

Әбу Ханифаның әкесі Сәбит те өте тақуа адам болған. Ел арасында ол туралы ғибратты әрі жұртқа таныс төмендегі оқиға жиі айтылады: *«Әбу Ханифаның әкесі Сәбиттің жас жігіт кезі еді. Бірде дәрет алып, сүлгімен бет-аузын сүртіп тұрғанда, арықта ағып келе жатқан алмаға көзі түседі. Алманың әдемі түсі көз тартатын. Сәбит шыдамай, алманы алып бір тістейді. Сонан соң ол: «Не істеп қойдым? Алманың иесі бар шығар? Оны тауып, дереу ризашылығын сұрайын»,* – деп, өзен бойымен жоғары қарай алманың иесін іздеуге шығады.

Содан ол үлкен баудың ішіне кіреді. *«Жеген алмам осы баудан шығар»,*–деп, Сәбит бау иесіне барып, оған: *«Ассәләму әлейкум! Ойламай бақшаңыздың бір алмасын жеп қойдым. Мүмкін болса, кешірім етсеңіз»,*–дейді.

Жігіттің ақылдылығы мен имандылығын байқаған бағбан әдейі: *«Разы емеспін»,*–деп дөрекілеу жауап қайырады. Бұл сөз Сәбитке ауыр тиеді. Ол бағбанның аяғына жығылып, оған: *«Кешіріңіз! Жеген алманың ақысын төлейін немесе қызметіңізді істейін»,*–деп жалбарынады. Сонда бағбан: *«Онда былай. Үш жыл қызметімді істейсің. Сонан кейін арғысын көре жатамыз»,*–деп жігітке шарт қояды. Амал жоқ, Сәбит шартқа көнеді. Өйткені, ақырет есебі мен кісі ақысынан қорқатын.

Ол үш жыл бойы бағбанның үйінде адал қызмет етеді. Мерзімі біткеннен соң, кетуге рұқсат сұрайды. Бағбан оған: *«Мен саған үш жыл өтсе, арғысын тағы көрерміз деп едім. Сондықтан, менің тағы бір кішкене шартым қалды. Соны орындасаң, сөзім сөз, сенен разы болып, рұқсатымды беремін»,*–дейді. Сәбит көнеді. Бағбан оған: *«Менің бір қызым бар. Көзі көрмейді, құлағы естімейді, қол – аяғы сал әрі*

мылқау. Соған үйленесің. Соңғы шартым осы», – дейді. Жігіт бұған да көнеді.

Қыз бен жігіттің некелері қиылып, тойы өтеді. Жігіт шымылдыққа кірген соң, көзі де көретін, құлағы да еститін, қол-аяғы да сап-сау қызды көреді. Қыздың әкесіне барып, оның сырын сұрайды. Әкесі айтқан сөздерінің себебін былай түсіндіреді: *«Қызым ұят нәрселерге қарамайды, сол үшін ол көр; ұят әрі балағат сөздерді естімейді, сол үшін ол керең; тыйым салынған нәрсеге қол созбайды және бұзық жерлерге бармайды, сол үшін оның қол-аяғы сал; жаман сөз сөйлемейді, сол үшін ол мылқау. Қызымды сен сияқты құдайшыл, иман жүзді жігітке берсем, ол Алладан қорқатын, біреудің ақысын жемейтін таза адам болып, туған немерелірім де Ислам тағлымдарына сәйкес өмір сүрсе деген арманым бар еді. Алла маған сені жеткізді. Бір көргенде-ақ сенің адал екеніңді байқадым. Сонда да сынап бақсам артықтық етпес деп ойладым. Сен мен ойлағандай боп шықтың. Бұдан былай ерлі-зайыпты болып, бірге тату-тәтті өмір сүріп, бақытты болыңдар»*, – деп батасын береді. Міне, осындай пәк, тақуа, текті отбасында әлемге әйгілі ғалым Имам Ағзам дүниеге келеді» [3, 65-67].

Имам Ағзам Әбу Ханифа ән-Нұғман ибн Сәбит (р.а.) Ирақтың Куфа қаласында үмәуилік халифат тұсында (699 жылы) дүниеге келген.

Азан шақырып қойылған аты ән-Нұғман болғанымен, халық оны Әбу Ханифа немесе Имам Ағзам деп атайтын. Өйткені, ислам әдебі бойынша үлкен ғалым адамдардың аттары аталмайды. Олар хазірет, ұстаз сияқты құрметті сөздермен тілге алынады.

«Әбу Ханифа» (Ханифаның әкесі) оның шын есімі емес, өйткені, оның Ханифа атты перзенті болмаған. (Имам Ағзамның Хаммад есімді жалғыз ұлы болған. Хаммадтан екі ұл қалады, біреуінің есімі – Омар, ал екіншісі – Исмаил). Ғалымдардың айтуынша, «ханифа» — мазһабтың сипаты болып, ол «*хақ, тура жол*» деген мағынаны білдіреді. «Әбу» сөзінің түп мағынасы «*әке*» болғанымен, сонымен қатар оның «*иесі, өкілі, басшысы, жетекшісі*» деген баламалары да бар. Сонда, «Әбу Ханифа» деген сөздің мағынасы «*хақ жолдың бастаушысы, тура жолдың жетекшісі*» дегенге саяды.

Әу бастан адамзатқа түсірілген, адам табиғатына ең лайық, нағыз тәухид дін – ол ханиф дін. Құранда Алла тағала: «**Ендеше, (Ей, Мұхаммед) бетінді ханиф (тура, шынайы) дінге бұр. Адамдарды Алла әу баста сол дін үшін жаратқан. Құдай жаратқанды өзгерту мүмкін емес. Сенің дінің хақ дін, тек көп адам соны білмейді**»,—дейді («Рум» сүресі, 30–аят).

Ханиф сөзі «ислам» ұғымында да қолданылады. Сахабалар: «*Алла қандай дінді қабыл етеді?*», – деп сұрағанда, пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «**Ханиф (Ислам) дінін**»,—деп жауап берген. Басқа бір хадисте: «**Алла барлық пенделерін ханиф (дінге, таухидке бейім) етіп жаратты**»,—делінген.

Құран Кәрімде Алла тағала: «**Ибраһим яһуди де, христиан да болған емес, ол ханиф (нағыз) мұсылман болған. Көп құдайшылдар қатарында да болмаған**»,—деген («Әли Ғимран» сүресі, 67–аят). Ия барлық әлемдік дәстүрлі діндер ханиф – түп-тура дін болған. Бұл дін – адам табиғатына жеңіл келіп, жүрекке жылы тиген, жанын рахатқа бөлеп, бейбітшілік бесігінде тербеткен кеңпейілділік діні. Имам Ағзамның көзқарастары басқа ғалымдарға

қарағанда кеңпейілділік пен жеңілдік рухына сай келгендіктен, жұрт оны Әбу Ханифа деп атаған.

Ғасырының танымал, беделді, ірі ғалымы болғандықтан халық оны Имам Ағзам деп те атайтын. Бізде имам деп мешіт қызметкерін түсінеді. Бірақ, бағзы заманда имам деп аса білімді әрі тақуа кісілер айтылатын. «Имам» – «жетекші, басшы, ұстаз, данышпан» деген мағыналарды да береді. Ал, «Ағзам» сөзінің «айбынды, ең зор, ең үлкен, ұлық, теңдесі жоқ» деген мағыналары бар. Шынында да, Имам Ағзам мұсылмандардың жетекшісі, ғалымдардың басшысы, білім мен тақуалықта теңдесі жоқ данышпан, айбынды әрі ұлық ұстаз еді.

Абдулла ибн Мұбарәк (р.а.): «Имам деген атқа Әбу Ханифадан артық лайық кісі жоқ. Өйткені, ол өте тақуа ғалым еді, фикһ ілімі жолында басқалар ол кісі секілді еңбек ете алмады. Ол асылдығы, көрегендігі, қабілеттілігі, парасаттылығы арқасында оған жол салды», – деп еске алады.

Ислам діні тарих сахнасына көтерілгеннен кейін Куфа Ислам нұрына малынып, онда өнер, ғылым мен мәдениет дами түсті. Әсіресе, соңғы халифа Әли ибн Әбу Талибтің (р.а.) тұсында мұнда атақты ғұламалардың дәрісханалары көбейіп, бұл жерге әлемнің түкпір-түкпірінен ілім алу мақсатымен мыңдаған шәкірттер ағылып келе бастады.

Әбу Ханифа да осындай ортада дүниеге келіп, онда өнегелі өмірі басталды. Ол жастайынан Құран, хадис, араб тілі мен әдебиетіне көңіл қойып, азды-көпті дәріс алды. Дегенмен, біржола ілім қуып кетпеген де еді.

Әкесі саудагер-тін. Олардың жеке дүкендері болды. Онда олар жібек мата саудасымен айналысатын. Әбу

Ханифа әуелде мешітке тек күнделікті бес уақыт намаз оқу үшін ғана барып тұрды.

Бірде ол сол дәуірдің атақты ғалымы Шағбиге (р.а.) кездесіп қалады. Шағби одан: «*Қайда барасың, інім?*» – деп сұрайды. Ол заманда адамдар тек ілімді ойлап, табыс табу, бала-шаға бағу, үйлі-жайлы болу секілді дүние тіршіліктерін екінші орынға қоятын. Сұрақ төркінін түсінген Әбу Ханифа дәрісханаларға барып, жүйелі сабақалып жүрмегендігінен, «*Базарға*», – деп, ұяла жауап береді. Өйткені, осы уақытқа дейін оның мақсаты да, кәсібі де сауда болып келген-ді, ал сабаққа деген қызығушылығы шамалы еді.

Әбу Ханифаның бойындағы асыл қасиеттерді, оның ақылдылығын, зеректігін, шешендігін және ойының ояулылығын байқаған Шағби (р.а.) бұл жігіттің былай жүргеніне іштей қынжылады. Әбу Ханифаның болашақта үлкен ғалым болатынын іштей сезген Шағби (р.а.) оған: «*Уақытыңды бос өткізбей, ғалымдардың дәрісханаларына қатысып, сабақ оқы*», – деп ақылын айтады. Шынайы сөз Әбу Ханифаның жүрегіне жетеді. Сол күннен бастап ол барлық уақыты мен күш-жігерін ғылым-білімге салады. Ол кезде Әбу Ханифа жиырма екіде ғана еді [4, 15].

Ол жылдары Куфадағы оқу-ағарту істеріне Хаммад ибн Сүлеймен (р.а.) жетекшілік ететін. Әбу Ханифа хадис пен фикһ ілімін сол заманның ең атақты ғалымдары – Шағби және Хаммад сияқты ғұламалардан үйренді. Куфада хадис ұстаздары, араб тілі мен әдебиеті мамандары, шарифат ғалымдары жеткілікті болатын.

Ибн Шуһаб аз-Заһри: «Әлемде беделді ғұламалар төртеу. Олар: Мәдинада ибн әл-Мусәйб, Куфада Шағби, Басрада Хасан әл-Басри (642–728), Шамда

Мәкхул (р.а.)»,—деп сол кездің ең үлкен ғалымдарын атайды.

Шағби (р.а.) бес жүзге тарта сахабалармен кездесіп, олардан білім алған. Омар ибн Әбдул Өзиздің (р.а.) халифалық тұсында Куфа қаласында қазылық қызмет етіп, 87 жасында дүниеден өткен. Оның қайтыс болғанын естіген Хасан әл-Басри: *«Шағби Исламда өзінің ерекше орны бар нар тұлғалы адам еді. Алла тағала оны өз мейіріміне бөлесін»*,—деп дұға еткен.

Әбу Ханифа өмірінде төрт сахабамен кездескен. Олар: Әнас ибн Малик, Абдулла ибн Әбу Ауфә, Сәһл ибн Саъд және Әбу Туфайл. Сахабаны көрген адам *«табиғин»* деп аталады. Дегенмен, *«табиғин»* сөзінің анықтамасы жөнінде екі түрлі көзқарас бар. Біріншісінде: *«табиғин – сахабаның көзін көрген адам»*, – делінсе, ал екіншісі: *«табиғин – сахабаны көріп, одан білім үйренген адам»*, – деген пікірді алға тартады.

Әбу Ханифа ұстазы Хаммадтың (р.а.) қолында жүйелі түрде 18 жыл оқыған. Ұстазы дүниеден өткенге дейін, одан ажырамаған. Өйткені, ол ұстазын жақсы көріп, оның асыл қасиеттерін, даналығын, парасаттылығын, тақуалығын, әсіресе кеңпейілділігі мен жомарттылығын өзіне үлгі тұтқан.

Хаммад бай болғанымен, мал-мүлкін туған-туысқандарына, жетім-жесірлерге және шәкірттеріне жұмсайды екен. Бұл жайлы: **«Хаммад ғұламалар ішінде ең жомарты еді, жылда келетін қасиетті рамазан айында күнде 500 адамға ауызашар беретін, жағдайы нашар шәкірттеріне ақшалай көмектесіп тұратын еді»**,—деп риуаят етіледі.

Хаммад ибн Сүлеймен (р.а.) дүние салғаннан соң, оның ісі баласы Исмаилға тиді. Жұрт та

оның бойынан әкесінің ілімі мен асыл бейнесін көргісі келді. Өкінішке орай, Исмаил бірақ халық көңілінен шыға алмады. Сол себепті ұстазының оқу-ағартушылық істерін әрі қарай жандандырып, дамытуды шәкірті Әбу Ханифа мойнына алды. Халықтың қалағаны да сол болатын. Ол кезде оның жасы қырықта еді.

Әбу Ханифаның есімі мен білімі кеңінен тарай бастайды. Оған жер-жерлерден білім алу мақсатымен мыңдаған талабалар келіп жатты. Оның дәрісханасы Куфадағы ең үлкен, әрі берекелі білім ошағына айналды. Шәкірттердің ғылыми сұхбаттары мен қуанышты үндері мешіт сыртынан да естіліп тұратын.

Әбу Ханифа ақылды, өткір, парасатты кемел ой иесі еді. Осы ерекшелігімен ол тез арада өз дәуірінің ең ұлы ғалымдарының біріне айналды. Ол— ислам фикһының үлкен мұжтаһид ғалымы болды. Құран кәрім және сүннеттен басқа нақты дәлел ретінде ол сахабалардың, табиғиндердің алқалы пікірін, сондай-ақ қияс (салыстыру), истихсан (дұрыс санау, жақсы деп білу) және ғұрып-дәстүр сияқты фикһ қағидаларын пайдалана отырып, шариғат шеңберінде үкімдер шығара білді.

Әбу Юсуф (р.а.) ұстазын: *«Бет пішіні және дене бітімі жөнінен ол әдемі еді. Сөзге өте шешен, дәлел келтіруге өте ұста, тілі жұмсақ болатын. Дәрісіне қатысқан кез-келген адам оның ілім үйрету әдісінен ләззат алатын. Ол шәкірттерінің шариғат мәселелерін терең түсінетін ғалым болуларына көп көңіл бөлді. Оларға жұмсаған күш-қайраты соншалық, ол кісіден дәріс алған кез-келген адамның әйгілі ғалым болуы оңай еді»*,—деп еске алады.

Имам Ағзам түні бойы ғибадат етіп, күндіз ораза тұтатын, тілін жалған сөзден сақтап, тәнін пәк ұстайтын, жағымсыз іс-әрекет пен ойын-сауықтан аулақ жүретін, Алла тағаланың разылығын табуды өзіне парыз санайтын. Имам Ағзамның имандылығы мен тақуалығы, білімділігі мен парасаттылығы туралы Имам Шафиғи (р.а.): *«Адамдар фикһ ғылымында Әбу Ханифаға қарыздар. Кімде-кім Әбу Ханифаның кітаптарын оқымаса, ғылымға бойламағаны және фикһ ғалымы болмағаны»*,—дейді.

Ол тақуа, білімді және парасаттылығынан да харам істерге жоламайтын, күмәнді нәрсеге де қол сұқпайтын өте сақ адам болатын. Сондықтан, оның уағызы әрбір тыңдаушы жүрегіне жететін. Оны төмендегі әңгімеден білуге болады:

«Имам Ағзам Куфаның орталық мешітінде жұма күні уағыз айтатын. Бір күні жұмадан соң оған бір құл келіп: «Ұстаз, сізден өтініш. Құлды азат етудің артықшылығы мен сауабы туралы да уағыз айтыңызшы. Мүмкін қожамның көңілі жібіп, мені азат етер»,—дейді. Әбу Ханифа: «Жарайды, сен айтқанындай болсын»,—деп жауап береді. (Ол кез құлдық заманы болатын).

Келесі жұма да жетті. Бірақ, Имам Ағзам уағызын басқа тақырыпқа арнайды. Тағы бір жұма өтеді. Құлдың өтініші тағы орындалмай қалады. Үшінші жұмада Имам Ағзам құлды азат ету және оның мән-маңызы мен артықшылығы туралы тартымды да әсерлі уағыз айтады.

Жұмадан соң әлгі құлдың қожасы келіп: *«Ұстаз куә болыңыз. Алла разылығы үшін құлымды азат еттім»*,—дейді. Әбу Ханифа: *«Алла сізден разы болып, істеген ізгі амалыңызды сауаптан жазғай»*,—деп бата береді.

Бостандық алған құл Имам Ағзамға рахметін айтып, одан: *«Ұстаз, бір сұрағым бар. Екі апта бұрын айтқан өтінішімді неге бүгін ғана орындадыңыз»*, – деп сұрайды. Әбу Ханифа: *«Ол күні құл азат етуге жететін ақшам жоқ еді. Сол үшін екі апта бойы жұмыс істеп, ақша жинадым. Базардан құл сатып алып, оны азат еттім. Содан рухани жеңілдік пен әлдеқандай рахатты сезіндім. Бұл амалды өзім істемей тұрып басқаға бұйырғанымда, оның ешқандай әсері болмас еді, қожаяң да саған азаттық бермес еді»*, – деген екен [3, 104].

Әбу Ханифа – ұлық имам, мәшһүр ғалым

Ия, ол жайлы пікір білдірген замандастары мен оны өзіне ұстаз санаған немесе ғалым, білімге қол созғандардың барлығы да Әбу Ханифаның өз заманының озық ғалым болғандығын мойындайды.

Әбу Жағфар ар-Рази (р.а.): *«Мен Әбу Ханифадан артық ғалым әрі тақуа адамды кезіктірмедім»*, – десе, Жағфар ибн Раийғ (р.а.): *«Мен Әбу Ханифамен бес жыл бірге тұрдым. Одан аз сөзді жанды көрмедім. Ал одан бір-ақ нәрсе жайлы сұраса, ол ашылып, сел тәрізді ағылар еді»*, – деп еске алады.

Ал, Йазид (р.а.): *«Тақуалық пен ақыл-парасаттылықта Әбу Ханифаға (р.а) тең келетін адамды көрмедім»*, – десе, Әбу Асим Нубәйл (р.а.): *«Әбу Ханифа (р.а.) намазды қадалып көп оқығандығы үшін, көпшілік оны «қазық» деп атап кеткен»*, – дейді.

Уакиъ (р.а.): *«Әбу Ханифа (р.а.) аманатқа өте адал, аса ұлық Алла тағаланың есімін жүрегiнiң түкпiрiнде сақтайтын. Сондықтан да ол кез-келген жағдайда Алла разылығын бiрiншi орынға қоятын»*.

Алла тағала үшін қылыш азабын көруге де дайын еді»,–дейді.

Мәккий (р.а.): «Куфалықтармен бірге болдым, араларынан Әбу Ханифадан (р.а.) өткен тақуаны көрмедім»,– деп еске алады.

Яхья әл-Қатъан (р.а.): «Әбу Ханифаның (р.а.) жүзіне қарап, Алланың шынайы пендесі екенін байқадым»,–десе, Абдулла ибн Мұбарак (р.а.) Суфьян Сауриға (р.а.): «Ей, Әбу Абдулла, Әбу Ханифаның ғайбат айтуына қандай іс тосқауыл болды екен, бір рет те ғайбат айтқанын көрмедім»,– деді.

Сонда Суфьян (р.а.): «Әбу Ханифа (р.а.) дана кісі, өзінің жақсы амалдарын жоятын іс-әрекетті ешқашан жасамайтын»,–деген екен.

Ибн Мұбарак (р.а.): «Әбу Ханифаны (р.а.) еске алып: «Бұл кісі туралы не деуге болады? Оған мансап пен байлықты ұсынғанда, ол одан бас тартады, дүрелесе де бетінен қайтпайды. Басқалар отырған таққа ол азаптасаң да отырмайтын»,–дейді.

Хасан ибн Салих (р.а.): «Әбу Ханифа (р.а.) аса тақуалығына байланысты харам істерге жоламайтын, күмәнді нәрсеге де қол сұқпайтын, ол кісідей өзіне, біліміне өте сақ адамды көрмедім»,– деген.

Сәһл ибн Мадхим (р.а.): «Әбу Ханифаның (р.а.) үйіне кіріп едік, үйінен бұйрадан (қамыстан жасалған төсеніш) басқа ештеме көрмедік»,–дейді.

Мүжаллид (р.а.): «Мен халифа Һарун әр-Рашидтың (786–809) алдында отыр едім, ол жерге имам Әбу Юсуф (р.а.) келді. Оған халифа: «Маған Әбу Ханифаның (р.а.) ахлағы (мінез-құлқы) туралы айтып беріңіз»,–деп өтініш жасады.

Сонда ол: «Әбу Ханифа (р.а.) шаригат тыйым салған істерге жоламайтын, дүниеқорлықтан алыс, көбінесе үнсіз жүретін, әрдайым өз пікірін дәлелдей алатын, өз ойынан айнымайтын, бос сөз сөйлемейтін, сұралған мәселені білсе, нақты жауап беретін адам еді. Ей, мұминдердің әміршісі! Мен ол кісінің барлық нәрседен өз нәпсісін тыя алатындығын көрдім, барлық адам туралы жақсы сөз ғана айтатын»,— дейді. Сонда Һарун әр-Рашид : «Бұл ұлылықтың белгісі»,—деген екен.

Фузайл ибн Ййаз (р.а.): «Әбу Ханифа (р.а.) фиқһ ғалымы, тақуалығымен ардақты, келгендерге тапқанын беретін жомарт, күндіз-түні дәріс беруден жалықпайтын, түнді ғибадатпен өткізетін, аз сөзді, егер бір халал-харам мәселесі туралы айту керек болса, ақиқатына көз жеткізіп түсіндіретін»,—деген екен.

Қази Шурак (р.а.): «Әбу Ханифа (р.а.) фиқһты терең меңгерген, әр ісі көңілге қонымды, шәкірттерге білім беруде аса шыдамды, шәкірт білім алып болғанша оған жан-жақты көмек көрсететін адам еді. Шәкірті оқуды бітірсе, оған: «Сен енді халал мен харамды, дұрыс пен бұрысты ажырата алатын, таусылмас үлкен байлыққа жеттің»,—дейтін. Ұстаздары мен құрметті адамдар алдында көп сөйлемейтін»,—дейді.

Бірде халифа түсінде Әзірейілді көреді. Одан: «Менің қанша өмірім қалды»,—деп сұрайды ол. Періште алақанын ашып, бес саусағын көрсетеді. Халифа содан қорқып оянады. Әбу Ханифаны шақыртып, одан түсін жоруды сұрайды. Имам Ағзам оған: «Бес саусақ— Алладан басқа ешкім білмейтін бес ғайып нәрсе : 1) қияметтің қашан болатыны, 2) жауын, дауыл, сел, жел сияқты табиғат құбылыстарының

сыры, 3) туылатын нәрестенің дүниеде бақытты немесе бақытсыз, кедей немесе бай болуы, 4) ертең қандай күн туатыны. Қасиетті Құранның ғайыпқа жататын бес нәрсесі «*Лұқман*» сүресінің соңғы аятында айтылған 5 ғайыптың төртіншісі жайлы онда «*Ешкім ертең не істеп, не табатынын білмейді (күнә мә, сауап па?)*» делінеді. 5) адам баласының қашан және қай жерде өлетінін яғни барлығы құдіретті бір Алла ғана білетін нәрселер»,—деп халифаны тыныштандырған екен [1, 45].

Имам Зуфар (р.а.): «*Мен Әбу Ханифамен (р.а.) жиырма жылдай бірге болдым. Өмірімде ол кісіден артық мейірімді, жомарт кісіні көрмедім. Құдай үшін өзін аямайтын, күні бойы біліммен шұғылданып, тағлым беретін, түрлі мәселелелерді талқылап жауабын айтатын, ғылыми мәжілістерден қолы босасымен сырқаттардың көңілін сұрауға баратын, жаназаға қатысатын немесе бір бейшараның қажеті үшін уақытын жұмсайтын немесе достарының хал-жағдайын білетін. Ал, түнді гихадаттармен, намаз, Құран кәрім оқумен өткізетін. Бұл амалдарды дүниеден қайтқанша ұстанды*»,—деп еске алады.

Абдулла ибн Мұбарәк (р.а.): «*Имам деген атқа Әбу Ханифадан артық лайық кісі жоқ. Өйткені, ол өте тақуа ғалым еді. Ол көрегендігі, қабілеттілігі, парасаттылығы арқасында фикһ іліміне жол салды*», — десе, Қайс ибн Рабиъ (р.а.): «*Әбу Ханифа (р.а.) Бағдатқа тауар жіберіп, оларды саттырып, ақшасына зат алдырып Куфаға жеткізетін, хадис ілімінің қыр-сырын зерттеп жүрген ғалымдарды қажетті нәрселермен қамтамасыз ететін, оларға азық-түлік, киім-кешек тарататын*»,—дейді.

Қазақ жерінің орта ғасырлық дана перзенті имам Ағзам туралы арнайы еңбек жазған Хафиз ад-Дин

Мұхаммед әл-Кердери (?-1424) ибн әл-Мұбарактың: «Куфаға келген соң қала тұрғындарынан кімнің фиқһты жақсы білетіндігін деп сұрағанымда: Әбу Ханифа» деді маған. Сонан соң «Бұл дүние қызығынан ең көбірек баз кешкен кім?» деген сұрағыма: «Әбу Ханифа деген жауап алдым» деген сөзін келтіреді. Сөйтіп осындай пікірлердің бәрі жиылып Әбу Ханифаның бүкіл болмысын ашып тұр деп ойлаймыз [1,20].

Әбу Ханифа: адалдық пен жомарттық үлгісі

Ол аса жомарт, кеңпейіл, өте адал кісі болатын. Көпшілік оның сауда-саттықтағы сипатын Әбу Бәкірге (р.а.) ұқсататын. Ол пайданы ойлап, өзгелердің аңғалдығын пайдаланбайтын. Өз пайдасын қалай қорғаса, өзгелерді де солай қорғайтын. Кедейлерге мейлінше көмектесуге тырысатын.

Бірде Әбу Ханифа Куфа қаласындағы дүкенінде сауда жасап тұрғанда бір әйел жібек көйлек әкеліп, Әбу Ханифаға көрсетіп, сатпақ ниетін білдіреді. Әйел сөзін:

– Бағасы жүз дирхам,—деп бастайды. Әбу Ханифа оған:

– Асықпаңыз! Бұның бағасы қымбат. Сіз аз сұрап тұрсыз,—дейді.

– Маған жүз де жетеді,—дейді әйел.

– Жүз дирхам аз, көбірек сұраңыз,—дейді имам оған.

– Сіз мені мазақ етіп тұрсыз ба? Ал, онда екі жүзге алыңыз – дейді әйел ренжіп.

– Жоқ, мазақ еткені несі. Сіздің ақ көңілдігіңізді пайдаланып, көйлектің өз бағасынан арзанға сатып алатын болсам, ақыретте Аллаға не деп жауап

беремін. Сенбесеңіз, білетін біреуді шақырып бағасын сұраңыз, – дейді Әбу Ханифа.

Әйел жөн білетін біреуді шақырып, көйлектің қанша тұратынын сұрайды. Олар көйлектің «*бес жүз дирһам тұратынын*» айтады. Сөйтіп, Әбу Ханифа көйлекті бес жүзге сатып алатын болады. Ақшасын санап жатқанда, әйелдің көзінен жас шығып, имамға: «*Сіз маған көп көмектестіңіз. Бұл менің үйлену тойында киген көйлегім еді. Қазір қаражаттан қысылып жүрміз. Бала-шағам екі күннен бері ыстық тамақ ішкен жоқ. Сататын артық нәрсеміз де қалмады. Лажсыз көйлегімді сатуға тура келді. Бұл ақша мүшкіл халімізді біраз жеңілдететін болды. Сізге рахмет, өміріңіз ұзақ болғай*»,–деп ризашылық білдіреді. Әйел мұңын түсінген Әбу Ханифа бес жүз дирһамның үстіне, сатып алған көйлекті де оған тарту етеді [4, 21; 3, 222].

Бұл хикая кәсіпкерлікпен айналысып жүрген бауырларымызға ғибрат болса деп ойлаймыз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) да: «**Өтірік сөйлеген, біреуді алдаған адам бізден емес**»,–деп қатаң ескерткен.

Әбу Ханифа егер бір нәрсеге шүбәланса, заттарын дереу садақаға таратып жіберетін. Бірде саудадағы серігі Хафс ибн Әбдірахманға біраз заттар беріп, сатуға жібереді. Мүліктерінің арасында бір киімнің нұқсаны бар екенін ескертіп, сатқанда кемшілігін айт дейді. Досы киімдерді сатқанмен, әлгі киім жайлы ескертуді ұмытып кетеді. Алған адамның кім екенін де білмейді. Бұдан соң Әбу Ханифа сол заттардан түскен барлық пайданы садақаға таратады. Сондықтан да, оның дәулетінде берекет болатын [2, 23].

Куфада тұрғанында бір кісінің қойы ұрланады. Оны естіген Имам Ағзам ұрланған етті байқамай жеп қоймайын деп сақтық үшін жеті жыл қой етін жемей қойған екен.

Әбу Ханифа ғалымдарға көп көмектесетін. Жыл соңында табысынан артып қалған ақшаларды ілім жолында жүргендерге таратып: *«Мына қаражатты қажеттеріңе жұмсап, Алла тағалаға шүкір етуді ұмытпаңдар. Өйткені, бұл дәулет менікі емес, Алланың рақым етіп, менің қолым арқылы сендерге жіберген несібесі»*, – дейтін.

Имам Ағзам аса тақуа еді. Кішіпейілділік пен тақуалықты ол бәрінен жоғары санайтын. Бірде біреу: *«Сен менің иемсің»*, – дейді. Сонда ол: *«Алла тағалаға ант етейін, мен сен берген бұл атақтан әлдеқайда беделдімін. Өйткені, мен Алланың пендесімін. Бұдан өзге биік лауазым бар ма?!»*, – деп жауап береді.

Оның тақуалығы жайлы ғибратты әңгімелер көп. Бірде ол базарда жүргенде, екі адамның бірі жолдасына: *«Мынау – Әбу Ханифа. Өте тақуа адам. Тіпті құптан намазының дәретімен таң намазын оқиды екен»*, – дейді. Осыны естігенде Әбу Ханифа (р.а.) қатты таңданып: *«Мен олар ойлағандай жан емеспін зой. Бірақ халықтың мен жайлы жақсы пікірлерін жоққа шығарып, оларды өтірікші етпеуім тиіс»*, – деп сол күннен бастап құптан намазының дәретімен таң намазын оқи бастаған [2, 21-22].

Әбу Ханифа қанша дәулетті болса да, жүрегінде дүниеге қызығушылық болмаған. Шәкірттері арасында отырған кезде оны сынамақ оймен бір яһуди: *«Сенің пәлен жерден сапардан қайтып келе жатқан керуенің қарақшыларға жем болды. Енді не істейсің?»*, – дейді.

Әбу Ханифа аз уақыт үнсіз қалады да: «Аллаға шүкір»,–дейді. Әлгі адам қайта оралып: «Әбу Ханифа, сүйінші! Керуенің табылды. Қарақшылар қолға түсті. Малың, дін аман, жолда келе жатыр», – дейді. Әбу Ханифа тағы біраз үнсіз қалып: «Аллаға шүкір» - дейді. Сонда әлгі адам: «Сен неге қайғыда да, қуанышта да бірдей шүкірлікпен ғана жауап қайырдың»,–дейді. Сонда Имам Ағзам: «Керуенің жоғалды дегенде, жүрегім ауырып сыздар ма екен деп, оған үңілдім. Жүрегімнің түк болмағандай бір қалыпты соққанын көріп, «Аллаға шүкір» дедім. Кейін «малың табылды» дегенде, қуанар ма екен деп тағы да жүрек дүрсіліне құлақ астым. О сол баяғыдай соғып тұрды. Мен сонда жүрегімде дүниеге сүйіспеншілік болмағанын біліп, қуанып: «Аллаға шүкір» дедім» – деп жауап береді [1, 46].

Алла тағаланың барлығы, бірлігі, шексіз құдіреті және басқа да сипаттары, сондай-ақ ақырет, жәннат, тозақ және басқа да сенім-наным мен түрлі діни көзқарастарға байланысты мәселелерді қарастыратын қалам (тәухид, ақида) ілімі аясында Әбу Ханифа нақли дәлелдер (Құран аяттары мен пайғамбарымыздың сүннеттері) мен ақли (ой-санамен түйінделген) дәлелдерді келтіріп, мәселеге тиісінше жауап беретін.

Әбу Ханифаның тапқырлығы мен парасаттылығы

Бірде оған сол аймақтағы пұтқа табынушылар келіп, Жаратушы Иеміз жайында пікір таластырады. Әбу Ханифа: «Сендер теңіздегі кемеңіздің қарсы соққан толқындарға төтеп беріп, жел бағытымен жүзіп бара жатқанын көрдіңдер дейік. Сонда мен әлгі

кемені жүргізушісіз, өздігінен жүзіп бара жатыр десем, қабыл алар ма едіңдер?», –деп ой тастай сұрады. Пұтқа табынушылар: «Жоқ, бұл ақылға сыймас», – деп жауап береді. Имам Ағзам: «Сол секілді біздің тұрған жеріміз кеме іспетті. Ол үстіне адамдар, жан-жануарлар және сансыз өсімдіктерді артып, қанишама ғасырдан бері діттеген жеріне қарай кетіп бара жатыр. Оның бағытын түзеп, үстіндегі халықты сақтаған, қадағалаған бір иесі болмауы ақылға сыйа ма?! Демек, әлемнің Ұлы Бір Жаратушысы бар», –дейді. Сонда олар ақылға келіп, мұсылмандықты қабылдайды.

Алланың барлығына әрі бірлігіне иман келтіре алмаған, табиғат заңын құдіреті күшті Тәңірден жоғары қоятын, ғалымдармен кездесе қалса айтыса кететін бір дінсіз философ жүре-жүре Куфа қаласына келіп, көзқарасын таратып насихаттамақшы болады.

Халифа әл-Мансур (754–775) философты шақыртып, ниетін білгісі келеді. Дінсіз: «Құрметті, халифа! Сенің сарайыңда қызметте жүрген ғалымдармен кездесіп, пікірсайыс өткізсем деймін. Өйткені, олар бүкіл әлемді бір Алла жаратты дейді. Мен әлем бұрыннан бар еді деймін әрі бұл пікірімді дәлелдеп беремін», –дейді.

Халифа Әбу Ханифаны шақыртады. Ол бесін намазын оқып болғаннан соң баратынын хабарлайды.

Куфалықтар мәжіліс үйіне лық толады. Әбу Ханифа бірақ айтқан мерзімінде келе алмайды. Уақыт өткен сайын дінсіз тәкаппарланып: «Білемін, менен қорықты», –деп жылмың қағып отырады.

Осы кезде Әбу Ханифа кіріп келеді. Дінсіз оған: «Сен бізді күттіріп қойдың, сенімен айтыспаймын», – дейді. Ол: «Асықпаңыз, әуелі не үшін кешіккенімді

айтайын. Бүгін бір ғажайып оқиганың куәсі болдым. Үйіміз өзеннің арғы жағында еді. Салға отырып, бері өтпекші болып едім кенет жел соғып, салды бұзып, ағаштарын жан-жаққа ұшырды. Не істерімді білмей тұрғанымда, бір толқын салдың бөренелерін бір жерге жинады, ол қайта сал болды, оған мініп, осында келдім. Кеш қалғанымның себебі осында. Сол үшін кешірім сұраймын»,—дейді.

Бұл жауапқа қарқылдап күле бастаған дінсіз:

— Ей, халайық! Ғалымыңыздың айтқан сөзі қисынға келе ме?! Бұл қып-қызыл өтірік қой,—дейді. Сонда Әбу Ханифа шындыққа көшіп:

— Шынында, ақылсыз сенсің. Екі ағаштың бір жерге жиналатынына сенбей тұрып, ұшы-қиырсыз, алды-арты жоқ әлемді қалайша өзінен өзі бар болады дейсің?—дейді.

Әбу Ханифаның тапқырлығына таңғалған дінсіз: «Мені байқатпай ұстадың, ондай болса көрсетші сол Алланы маған, мен де сенейін»,—дейді. Сонда Әбу Ханифа бір шыны сүт алдырып, дінсізден сұрайды:

— Май мен ірімшік қайдан шығады?

— Әрине, сүттен!

— Ендеше, сүт ішіндегі май мен ірімшікті көрсетші?

Дінсіз шарасыз қалып:

— Әрине сүт ішінде май мен ірімшік бар. Бірақ олар көзге көрінбейді,—дейді. Әбу Ханифа:

— Өзің шыны ішіндегі сүтте май мен ірімшік бар екенін біле тұрып, оны көрсете алмай тұрып мына үлкен әлемді жаратқан Алланы қайта-қайта көрсет дейсің. Бұл мүмкін бе? Сүт ішінде қалай май болса, Алла да бұл әлемде осылайша бар, бірақ көрсетуге келмейді,—дейді.

Әлі де бір Алланың барлығына сенбей, данышпансып отырған ол:

– Соңғы сұрағыма жауап берсең ғана сенен жеңілгенімді мойындаймын. Алла бар деп бойбермейсің. Сол Аллаң дәл қазір не істеп жатыр? – деп сұрайды. Аз ғана ойланып қалған Әбу Ханифа:

– Мына отырған мінберден түсіңіз, сұрақтың жауабын сонда берейін деп дінсізді төмен түсіріп, өзі мінберге шығып:

– Дәл қазір Алла тағала сен сияқты бір дінсізді мына мінберден түсіріп, мен сияқты бір пендесін жоғары шығарды,–дейді.

Дінсіз аузын аша алмай қалып, қалың халық алдында *«калимаи шаһадат»* айтып, исламды қабылдаған екен.

Әбу Ханифа фикһ ілімінің жетік маманы болған кезінде, дініміздің көптеген келелі мәселелеріне байланысты сұхбаттарға да қатысатын. Бірде ол мешітте отырғанында қарулы харижиттер (суниттерге қарсы топ өкілі) үстіне баса–көктеп кіріп, сынау үшін оған: *«Босағада екі өлік жатыр. Бірі арақтан өлген ер кісі, екіншісі зина жасап қойып, сонысы үшін ұялып асылып өлген әйел. Бұл екеуіне қатысты не айтар едіңіз?»*,–деп сұрайды. Харижиттердің сенімі бойынша, үлкен күнә жасаған кісі кәпір саналып, мәңгілік тозаққа түседі.

Ол кісінің ниет-пиғылын бірден түсінген Әбу Ханифа: – Ол екеуі яһуди ме, әлде христиан ба, не пұтқа табынушы ма? Мұның қайсысы?– деп қарсы сұрақ қояды.

– Олардың ешқайсысы да емес.

– Сонда қай үмбеттен?

– Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі дейтін қауымнан,– деп жауап берген харижиттерге:

– Куәлік кәлимасы иманның үштен, төрттен яки бестен бірі ме? – деп тағы сауал қояды.

– Иманның ондай үштен де, төрттен де, бестен де бірі болмайды. Ол бөлінбейді.

– Иманның қаншасы сонда?

– Тұтасы.

– Ендеше, жауабын өздерің бердіңдер. Олардың мұсылман екенін айттыңдар.

– Сен мұны қой. Олар жәннаттық па, әлде жәһәннәмдық па? – деп харижит сүріндіру үшін сұрақты бастырмалата бастайды.

– Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар мүшріктерге: *«Ей, Алла! Маған бойсұнғандар мен қарсы шыққандарға Сен кешірімді әрі рақымдысың»*, – деп дұға етті. Иса (ғ.с.) пайғамбар: *«Ей, Алла! Егер оларды азапқа салсаң, олар Сенің құлдарың, егер кешірсең, Сен мейірбан әрі рақымдысың»*, – деді. Иманды жандарды құдалауға себеп те, негіз де жоқ», – деп түйіндейді өз жауабын Әбу Ханифа. Сөзге тоқтаған харижиттер қаруларын тастап, мешіттен шығып кетеді.

Осылай Әбу Ханифа Құранның асыл аяттары менхазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың хадис шәріптерінен, сондай-ақ бұрын өткен пайғамбарлардың (ғ.с.) өсиеттерінен нақты дәлелдер мен мысалдар келтіру арқылы, жат топтардың теріс пікірлерін түзеп отырған.

Әбу Ханифаның баласы ғылыми айтыс-тартысты ұнататын, әрі жат топтардың теріс пікірлеріне еліктеп кете жаздағанда, әкесі оны олардан қайтарып алатын. Сонда баласы әкесіне таңырқай қарап: *«Мен сенің де әр қилы мәселелерде пікір таласып, айтысатыныңды көретінмін, ал енді мені содан тыйғаның қалай?»*, – деп сұрайды. Әбу Ханифа: *«Балам–ау! Біздің пікірталастағы сақтығымыз*

соншалық, төбемізде құс қонып тұрғандай аса мұқияттылықпен сөйлеуші едік. Бәсекелесіміз қателеспей, екеуіміздің де ойымыз бір жерден шықса екен деп тілейтінбіз. Ал сендер бір-біріңнің беттеріңнен алып, қарсыластарыңның қателесіп, тура жолдан адасқанын қалап тұрасыңдар. Есіңде болсын, кімде-кім бәсекелесінің қателесіп, тура жолдан адасқанын қаласа, ол оның діннен шығуын қалағанымен бірдей. Ал серігінің дінсіздігін қалаған адам, сол арам ниеті үшін, әуелі өзі дінсіздер қатарына қосылады»,—деген екен [2, 32].

Бірде Әбу Ханифа ұстазы Хаммад ибн Сүлейменнің дәрісханасында отырғанда бір әйел келіп, одан: «Пәленше өзінің күңін шариятқа сәйкес талақ етпекші, оның жолы қалай?»,—деп сұрайды. Сонда ол: «Бұл мәселені анау ұстазымыздан сұрап көр, жауабын маған келіп айтарсың»,—дейді.

Әйел Хаммад ибн Сүлейменге барып, сұрағына жауап алады да, қайтып оралып: «Мұның жауабы былай екен: Ислам некелі ерлі-зайыптыларды бір шаңырақ астында тату өмір сүруге бұйырады. Дегенмен, олардың отбасылық өмірі жараспай, ажырасуды қаласа, ері әйелін талақ етеді. Ол үшін күйеуі әйелімен жақындасуды тоқтатып, оны үш рет қатарынан келген әр етеккірінен тазарысымен бір реттен талақ айтады. Осымен ерлі – зайыптылардың некелік байланысы біржолата тыйылып, әйел басқа еркекке күйеуге шығуға құқылы болады екен»,—деп мәселенің түпкілікті шешімін баяндап береді [1, 10].

Мұны естіген Әбу Ханифа: «Ақида ілімін ерінбей оқыдым, зерттедім, бірақ қарапайым халықтың күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынастарында жиі ұшырасатын басқа да сан алуан түйткілді

мәселелеріне нақты шешім іздейтін, әрі аса байыптылықты қажет ететін фикһ іліміне аса көңіл бөлмеген екенмін»,—деп отырған орнынан тұрып Хаммадтың фикһ ғылымының дәрісханасына беттейді.

Шәкіртінің бұл ілімге деген ынта-ықыласын байқаған ұстазы: «Балам, бұдан былай оқушылардың алдыңғы қатарында отыр»,—деп арқасынан қаққан [1, 10].

Әбу Ханифа өз заманында араб тілі, ақида (діни сенім), хадис сияқты көптеген ілімдерге мойын бұра келе, соңында олардың ішінде ең қызықтысы мен маңыздылығы жағынан өзіне қатты ұнаған фикһ ілімін таңдайды. Бұл ілімді жай оқып қана қоймай, тереңнен зерттеп, мәселелерді тақырыбына қарай тараулап бір жүйеге келтіру арқылы негізін салады.

Йухий ибн Наср әл-Әнсари «Мен Әбу Ханифаның: «Менде хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздан жеткен сандық-сандық хадистер бар»,—деген сөзін жеткізсе, Хасан ибн Зияд: «Әбу Ханифа төрт мың хадис риуаят еткен: екі мыңын ұстазы Хаммадтан, ал қалғанын басқа ұстаздарынан үйренген. Оның айтқан сөздері мен істеген амалдары хадис шәріпке сәйкес болатын»,—дейді.

Әбу Ханифаның ілімі мен даналығын қызғанып: «Ол хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистеріне көп сүйене бермейді, оның шығарған пәтуалары әлсіз»,—дейтіндер де болған. Бұған қарсы жауап ретінде Найм ибн Әмр оның: «Адамдар мен туралы: «Ол айтқан пәтуаларын өз ойынан шығарады, нақты дәлелдерге сүйенбейді»,—дейді. Расында, әрбір мәселеге байланысты берген үкімдерімде Құран мен хадиске сүйенбеген кезім болған емес»,—деген сөзін келтіреді.

Талантты әрі терең парасат иелерін күндеушілері де табылатыны сияқты Имам Ағзамның (р.а.) бедел биігіне көтерілгенін, атақ-даңқының асқақтағанын көре алмай қызғанған дұшпандары да болмай қалмады. *«Ол Құранға, хадиске емес өзінің ақылына көбірек сүйенеді»* деп айыптаушылардың бірінен Имам Ағзам :

– Намаз ұлық па немесе ораза ұлық па?», – деп сұрайды.

– Әрине, намаздың жолы үлкен, – дейді әлгі кісі.

– Мұны кімнен естідің? – дейді Имам Ағзам.

– Расулалладан (с.ғ.с.) – депті ол.

Сонда Имам Ағзам: *«Мен де намаздың жолы ұлық деп айтам, әрі оны хадиске сүйеніп айтып отырмын. Егер ақылға табан тірегенімде оразаның жолы ұлық дер едім. Өйткені, әйел адам хайыз болғанда (етеккірі келгенде) намазды да, оразаны да тоқтатады. Хайыздан тазарған соң әуелі оразаның қазасын өтейді. Бірақ намаздың қазасы өтелмейді. Тағы да: «Мирасқордың мұрасын бөлдерде ер адамға екі есе, әйелге бір есе беріледі. Егер мен ақылға сүйенгенімде әйелге екі есе тиесілі, өйткені әйел табиғаты нәзік, сондықтан екі есе деп айтар едім. Бірақ мен Құран Кәрімге сүйеніп, еркекке екі есе деймін»* деген екен.

Әбу Ханифапайғамбарымыздың(с.ғ.с.)хадистерін естіген немесе дәлел ретінде қабылдаған кездерінде, мұқият қарап, оның ақиқаттығына аса мән беретін. Өйткені, ол заманда жалған және күмәнді хадистер көбейген еді. Осылайша, Әбу Ханифа ғылыми істерін ұқыпты әрі тиянақты жүргізіп, Құран, хадис, ижмаъ және қияс негізінде мәселе шешіп, олардың негізінде фикһты тарау-тарауға бөліп, реттеген. Онда дәрет, намаз, ораза, зекет, қажылық, неке, талақ, сауда,

егіншілік, жаза т.б. діни мәселелер жүйеленіп жан-жақты қамтылған.

Кейінірек Әбу Ханифаның бұл жүйесін имам әл-Бухари, имам Муслим, имам Тирмизи, имам Әбу Дауд, имам Нәсәйи және имам ибн Мәжә сияқты әйгілі мухаддистер (хадис саласының мамандары) де өздерінің хадис жинау жұмыстарында пайдаланған.

Әбу Ханифа қырық жасынан бастап ұстаздық етті. Ол мұхиттай терең білімі мен даналығы, шешендігі мен сабақ беру әдісінің тартымдылығымен жас шәкірттер мен ғалымдарды да еріксіз баурап алатын. Мекке мен Мәдина қалаларында болған кезде, орталық мешіттерде дәрісхана ашып, түрлі тақырыптарда сабақ берді.

Сондай-ақ, Әбу Ханифа сол заманның білім ошағы саналған Мекке, Мәдина, Басра сияқты қалаларға сапар шегіп, онда көптеген дін ғұламаларымен кездесіп, олардың дәрістерін тыңдап, сабақ беру әдістерін үйреніп, тәжірибе алмасатын. Меккедегі атақты ғалым Ата ибн Әбу Рабах пен Мәдина имамы Малик ибн Әнаспен жиі кездесіп тұрды.

Имам Ағзам бір мәселенің шешімін айтып, сосын үйіне келіп, берілген пәтуаның ақиқатын айқындау үшін түні бойы Құран оқып хадистерді қайта қарап, дұрыс-бұрыстығын тексеретін. Берген үкімінде жаңсақтық кетсе, іле-шала ол туралы шәкірттеріне айтып, дұрыстап қоятын. Әбу Ханифа ақиқат пен шындықты берік ұстанды. Оның дәрісханасы «нағыз ақиқаттың ордасы» еді.

Бірде бір кісі келіп оған: *«Мына бір мешітте фиқһ ілімін үйренеміз деп біраз адамдар жиналып жүр»* – дейді. Сонда Имам Ағзам: *«Олардың арасында білімді жетекшісі бар ма?»*, –деп сұрайды. Әлгі кісі *«Жоқ»*, –деп жауап береді. Сонда Әбу Ханифа

(р.а.): «Олай болса олар ешқашан фиқһ ілімін үйрене алмайды немесе қателеседі, бірақ қателіктерін өздері білмейді. Сөйтіп өз ойларын дұрыс санап, шындыққа қарсы шығады»,—деген екен [2, 38].

Әбу Ханифаның үкім шығаруда ақылға сүйенуі

Әбу Ханифа (р.а.) – адамзатқа мейірімі мол ғұлама. Оның ұлағаттылығы ілімде ғана емес, қоғамға тән істерде де өз орнын тапқан. Құран және сүннет ілімінің тереңінен сусындағандықтан оның жемісті пәтуәлары қаншама?! Имам Ағзам пәтуаларына дәлел етіп рауилар тізбегі үзілмеген хадистерді іріктеп алатын. Имам Ағзам заманында ғұламалар – «*аһлі хадистер*» және «*аһлі райлар*» болып екі мектепке бөлінген болатын. Олардың араларындағы тартыс тек жақсылық мақсатында еді. Сондықтан да бұл екі мектеп өкілдерінің арасында ешқандай да реніш тумаған. Басты мақсаты тек қана ислам ақиқатын жетік әрі дәлдікпен тура баяндау болғандықтан кез келген тартыс, пікірталастары өзара құрмет пен әдептілік шегінен шықпайтын еді.

Әбу Ханифа өмірінің соңғы жылдарында аталмыш екі топтың өкілдері өзара пікірталасуларын тоқтатып, жалпы мұсылмандарға пайдасы молынан тиетін үкімдерге көздері жеткен соң келісе бастады.

Имам Ағзам ижтиһад ету тәсілін қысқаша: Мен үкім шығаруда ең алдымен Құран Кәрімді бірінші орынға қоямын. Егерде аталмыш сұрағыма Құран аяттарында анық жауап болмаса, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетінен іздеймін. Онда да мәселем шешілмесе, сахабалардың сөзіне жүгінемін. Мұндай жағдайда, сахабалардың ішінен өзім қалаған кісінің

сөзін аламын. Қайсы сахабаның сөзін қабылдау, қабылдамау өз еркімде, – деп баяндаған.

Шындығында Имам Ағзам Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың сүннетінен, сонымен қатар сахабалардың сөздерінен таба алмаған мәселеде өз ілімі мен ақылына сүйеніп шешуге толық құқылы мүжтахид ғұлама еді.

Әбу Ханифа және шарият заңы

Әбу Ханифа Құран Кәрім мен пайғамбар сүннетінен кейін қияс (салыстыру тәсілі) және райды (негізгі дәлелдерді басшылыққа ала отырып ақылға жүгіну тәсілі) үкім шығаруда негізгі өлшемдердің бірі ретінде қолданған. Ғұламаның бұл ижтиһад ету тәсілін жете түсінбеген кейбір ғалымдар оны тұрпайы деп санады. Сондай-ақ, Әбу Ханифа Исламның көрнекті мүжтахид ғалымы бола тұра үкім шығуда «Истихсан» және «урфты» (әдеп-ғұрыптарды) дәлел ретінде қолданысқа түсіруі ғалымдардың таңданыстарын мұнан да күшейте түсті.

Әбу Ханифа ешбір өлшемді Құран мен пайғамбар сүннетінен жоғары қоймаған. Ол өзіне пікірі қайшы ғалымдарға: Кімде-кім бізді Құран мен сүннет тәлімдерінен қиясты жоғары қояды деп айыптаса, Алланың атымен ант етемін, ол өтірікші әрі жала жабушы. Құран мен хадис тұрған жерде қай ғалым қиясқа жүгінбек?! Біз қиясқа салу тәсілін өте қажет жағдайда ғана қолданамыз. Бір мәселені анықтауда Құран мен хадистен дәлел табылмағанда ғана, аталмыш мәселені дәлелі бар мәселемен салыстыра отырып шешеміз. Біз алдымен дәлелді Құраннан, сосын Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетінен іздейміз. Олардан таба алмаған жағдайда сахабалар

сөзіне тоқталамыз. Бұл сұрақты сахабалар да талқыламаған болса, онда мәселені айқындау мақсатында екі мәселенің ортақ жерін тауып, бір үкімді келесі бір мәселеге салыстыра отырып, үкім шығарамыз, – деп жауап берген.

Әбу Ханифа қайтыс болғаннан кейін ислам ғұламалары және олардың көшбасшысы Имам Шафиғи қиясты Имам Ағзам пікірі негізінде дамыта отырып, оған: оқиғаның шешімі Құран Кәрім және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетінде, сондай-ақ ижмағда да анықталмаған жағдайда шарифатта үкімі анық мәселеге ұқсас үкімі жоқ мәселені салыстыра отырып үкім шығаруды – қияс дейміз, – деп анықтама берген.

Ұстаз Әбу Заһра Әбу Ханифаның ижтиһадын және хадистерді зерттеуде ұстанған бағытын, өзі өмір сүрген ортада көптеп қияс етуге және соның қорытындысына қарап бірнеше бөлімдерге бөлуге себеп болғанын:

Әбу Ханифаның ілім аясы ауқымды болғандықтан күнделікті кездесіп отырған мәселелерді талдаумен шектелмеді. Бәлкім, ол келешекте күн тәртібіне қойылуы мүмкін және күтіліп отырған мәселелерді де өз назарынан тыс қалдырмады, – деп түсіндірген.

Әбу Ханифаның шәкірті имам Әбу Юсуф өз ұстазы жайлы: Хадисті және ондағы фикһқа қатысты жәйттерді талдап беруде ұстазым Әбу Ханифадан білімдірек кісіні көрмедім, – дейді.

Әбу Ханифа мазһабының болмысы мен мазмұны адамдарға жеңілдік жасап беру сияқты ұлы мақсатта өз орнын тапқан. Ол кісі ешқашан кісілерге қиыншылық пен машақатты қаламады. Мейлі, ғибадат немесе, тұрмыстық қарым-қатынас мәселесі болсын Әбу Ханифаның еңбегі үнемі жұртшылық назарында

болды. Мәселен, Әбу Ханифа киімдегі нәжісті гүл немесе жүзім суымен тазалауға рұқсат деді. Сондай-ақ, түнде құбыланы таба алмай намаз оқыған кісі таң атқан соң бұрыс бағытқа қарап құлшылық еткенін білсе де ғибадаты дұрыс болатындығын баса айтқан. Сонымен қатар ол зекет мәселесінің де мұсылмандарға оңай болуын қалаған. Алтын мен күміс зекеті мәселесінде кедей-кепшіктердің мүддесін қорғаған. Қарыз мөлшері мал-мүлкіне пара-пар болып табылған кісіге зекет уәжіп еместігін айтқан.

Неке мәселесінде Әбу Ханифа бойжеткен қыздың тұрмысқа шығуы толығымен өз қалауынша болатынын және оның шешімін аға-інісі, тіпті, ата-анасы да бұзуға құқықтары жоқтығын көрсеткен. Тұрмысқа шыққалы тұрған қыздың өз неке рәсіміне қатысуына болатындығы, некеде бір ер кісі және екі әйелдің куәлігі қабыл болатындығы және әкесі зорлықпен ұзатып жатқан қыз күйеуге шыққысы келмесе немесе жігітті ұнатпаса мұндай неке шарифатқа сай еместігін нақты айтқан.

Әбу Ханифаның және бір артықшылығы экономикалық мәселелерді шешудегі ерекше зеректігі. Оның бұл қасиеті экономикаға қатысты ижтиһаттарында тайға таңба басқандай көзге көрініп тұрады.

Қараусыз жерлерді құнарландырып, егістік алқабы етуге шамасы жететін диқандарға жерді жеке меншік етіп беру, егістің басында өнімі жиналмай тұрып-ақ тұтынушыға сатуға рұқсат беру, жетімдердің дәулетін көбейту мақсатында қаржыны сауда-саттыққа салып пайдалануға рұқсат беру жайлы Әбу Ханифаның ижтиһадтары жоғарыда айтылған пікірімізге дәлел.

Әбу Ханифаның шәкірттері

Әбу Ханифаның жолын жалғастырып, фикһ мәселелерін толықтырған әрі дамытқан шәкірттері: Имам Зуфар ибн Һузайл (727–774), Имам Әбу Юсуф (730–798) және Имам Мұхаммед ибн Хасан (748–804) еді. Олардың қатарына аты белгілі Яхья ибн Саид әл-Қаттан, Абдулла ибн Мүбәрак, Уақиь әл-Жәррах, Язид ибн Һәрун, Абдураззақ ибн Һәмман, Дәуд Тайи секілді ғұламаларды қосуға болады.

1. Исфахан қаласынан шыққан **Имам Зуфар ибн Һузайл (р.а)** Имам Ағзамның шәкірттерінің үлкені болатын. Оның толық аты – Әбу Һузәйл Зуфар ибн Һузәйл Қайс әл-Әнбарий әл-Басри. Әкесі Һузәйл кезінде Басраның әкімі болған. Фикһ ілімін имам Зуфар Әбу Ханифадан үйренді. Ұстазы оны: «Қиясты (салыстыруды) ең жақсы білетін шәкіртім – Зуфар», – деп мақтайтын.

Әбу Омар (р.а.): *«Зуфар ақылды, діндар, түсінігі мол, тақуа, хадисте аса сенімді еді»*, – десе, Ибраһим ибн Сүлеймен (р.а.): *«Біз Зуфармен бірге отырсақ, арамыздан ешкімнің дүниауи сөз сөйлеуге батылы жетпейтін, ал біреу дүниауи сөз сөйлей қалса, ол кісі орнынан тұрып кететін»*, – деп еске алады.

Әбу Ханифа дүниеден өткеннен кейін ұстазының дәріс алқасын осы Имам Зуфар басқарған.

2. **Имам Әбу Юсуф (р.а.)** та Әбу Ханифаның ең озық шәкіртінің бірі еді. Оның толық аты-жөні Әбу Юсуф ибн Ибраһим ибн Хабиб ибн Саъд ибн Хәбта әл-Куфи, әл-Ансари. Бастапқы ілімін ол Куфада Имам Ағзам мен Әбу Ләйләдан алды. Сондай-ақ ол Малик ибн Әнас, Суфьян ибн Үәйнә, ибн Журәйж сияқты әйгілі ғұламалардан дәрістерін тыңдады. Әбу Юсуф мүжтаһид дәрежесіне жеткен білікті ғалым атанған.

Әбу Юсуф (р.а.) Әбу Ханифамен (р.а.) 17 жыл бірге болып, ұстазынан бір сәт ажырамаған. Имам Ағзамның (р.а.) дәрістерін ешқашан жібермеген. Тіпті бір перзенті шетінегенде жерлеу рәсіміне көршілері мен жақындарын жіберіп, өзі сабаққа келген екен.

Дәуд ибн Рушайд (р.а.) ол туралы: «Егер имам Әбу Ханифа (р.а.) Әбу Юсуфтан басқа шәкірт оқытпағанның өзінде, Әбу Юсуфтің (р.а.) жалғыз өзі ғана Әбу Ханифаға (р.а.) «шәкіртім» деп мақтану үшін жеткілікті еді», – деген. Ал, Һиләл ибн Яхъя: «Әбу Юсуф (р.а.) тәпсір, ислам тарихы, исламға қатысты түрлі оқиғаларды (шайқастар, аяттардың түсу себептері) жатқа білетін. Шарғи мәселелерге білгір еді», – дейді.

Әбу Юсуфтан (р.а.) Мұхаммед ибн Хасан әш-Шайбани, Ахмад ибн Ханбал (Ханбали мазһабының жетекшісі), Бишр ибн Уалид, Яхъя ибн Муъин және басқа көптеген танымал адамдар (р.а.) білім алды.

Һарун ар-Рашид заманында ол Бағдат қаласында қазы болды. Кейінірек бас қазы лауазымына дейін көтерілді. 798 жылы Бағдатта қайтыс болды.

3. Имам Мұхаммед (р.а.) Әбу Ханифаның алғыр әрі зерек шәкірттерінің бірі еді. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Мұхаммед ибн әл-Хасан ибн Фарқад әш-Шәйбәни. Ол Уасит қаласында дүниеге келгенімен, көп уақыты Куфада өткен. 14 жасынан Имам Ағзамға шәкірт болды. 20-ға келгенде Куфаның орталық мешітінде шәкірттерге дәріс бере бастайды.

Сонымен қатар ол Әбу Юсуф, Суфьян ибн Үәйнә, Абдурахман әл-Әузәғи және Абдулла ибн Мүбәрактан дәріс алып, оқуын жалғастырды. Үш жылдан астам имам Мәліктің құзырында болып, одан 70 мыңнан артық хадис естіген деген де риуаят бар.

Ол да Имам Ағзамның мүжтәһид дәрежесіне жеткен шәкірттерінің бірі.

796 жылы Һарун ар-Рашидтың бұйрығымен Хорасанның қазысы болып тағайындалды. Ол Ханафи мазһабының дамып, кең тарауына көп еңбек сіңірген.

Имам Мұхаммед өзінің терең іліміне сүйеніп көптеген қиын да ауыр мәселелер бойынша пәтуа жазды. Өзі де ұстазы сияқты көптеген шәкірттер тәрбиеледі, шәкірттерінің ең озықтары: Имам Шафиғи (Шафиғи мазһабының жетекшісі), Әбу Хафс әл-Кәбир; Мұхаммед ибн Сасаға; Яхъя ибн Майн; Ибн Миһран (р.а.) сияқты ұлық ғұламалар.

Имам Мұхаммед (р.а.) көптеген діни мәселелерге дәлелдер тапқан, оларды реттеп, жүйесін жасаған. Ахмад ибн Ханбал (р.а.): *«Егер бір мәселе төңірегінде үш кісінің бірінің пікірі айтылса, оған қайшы келуге орын жоқ»*, – деді. Мұны естігендер: *«Олар кімдер?»* – деп сұрап еді. Ол: *«Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Мұхаммед ибн Хасан (р.а.)»*, – деп жауап берген.

Қырықтан артық мүжтаһид ғалымдардың пікірлері негізінде құрылған Әбу Ханифа мазһабы сол заманның көптеген ғұламалары тарапынан ілтипатпен қабылданды. Бұл мазһабтың дүниеге келуі мұсылманардың өзара ынтымағына мүмкіндік туғызды.

Имам Ағзам мазһабы мәслихатқа негізделіп құрылды. Сондықтан, оны Әбу Ханифаның жеке өз жолы ғана емес, жалпы мұсылмандар таңдаған шынайы Құран және сүннет жолы деу керек. Дегенмен, ол дінді насихаттау үшін көп ізденді, дінді танып-білу жолында тынымсыз еңбек етті. Ол бір мәселе туралы ғұламалармен кеңесіп, пікірлерін тыңдап, ойын айтып, бар мәселені талқылауға салатын. Әрбір

мәселені ұзақ ойлап, терең зерттейтін. Әбу Ханифа өз пікірін нақты дәлелдермен анықтап беретін. Ғалымдар бір пікірге келіп, шешім қабылдағаннан кейін имам Әбу Юсуф хатқа түсіретін. Бұл мазһаб осылайша өзара мәслихат, кеңеспен дүниеге келді. Сондықтан да, бүкіл әлем мұсылмандары бұл мазһабтың дұрыстығын күмәнсіз мойындауда. Құран мен сүннетке негізделген бұл мазһаб көңілге қонымды әрі бейім.

Шейх Ахмад әл-Макки әл-Хорезми Әбу Ханифаның ілімін дүниенің түкпір-түкпіріне таратқан шәкірттерінің 730 дан астамы ислам әлеміне танылған ғұламалар еді деп еске алады.

Асад ибн Фурат (р.а.): *«Қырық адам хатшылық қызметін атқарды. Бірінші ондық ішінен Әбу Юсуф, Зуфар ибн Һузайл, Дәуд әт-Тайи, Асад ибн Әмр, Юсуф ибн Халид әс-Самтий және отыз жыл бойы хатшылық жасаған Яхья ибн Закарийа ибн Әбу Зайда»*,—дейді. Олар бір мәселе жайлы таласып қалғанда, әркім өз ой-пікірін айтатын, соңында бәрі Әбу Ханифа тұжырымын сұрағанда, ол мәселенің анық жауабын беретін, кейде олар бір мәселе төңірегінде үш күндей пікір алысатын еді. Мәселе шешімін тапқаннан кейін барып, кітапқа түсіретін.

Имам Ағзам сексен үш мың мәселені хатқа түсіртті. Оның отыз үш мыңы ғибадатты қамтыса, қалғаны қоғамдық қарым-қатынастар туралы еді.

Үмәуйлер әкімшілігі мен Имам Ағзам арасындағы келіспеушілік салдарынан, ол бірнеше жыл Басра, Меккеде, Мәдина қалаларында тұрып, ол жердегі зиялы қауыммен қарым-қатынаста болып, олардан ілім үйренді, кейбір күрделі мәселелерді олармен ақылдаса отырып, талқылады.

Кейін Аббас әулеті билікке келіп, халифа Мансур Бағдатты жаңа халифаттың астанасына айналдыруды бастады. Халифа Әбу Ханифаны Куфадан арнайы шақыртып, қаланы жоспарлау мен құрылысына қатыстырады. Әбу Ханифа шаһар құрылысшыларын да басқарып, жемісті еңбек еткен.

Сөйтіп Әбу Ханифа өмірінің 52 жылын Үмәуейлер заманында, 18 жылын Аббасилер дәуірінде өткізді. Бұл екеуі де Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың әулетін аса қош көрмейтін. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұрпақтары үнемі қуғынға ұшырады. Бұның басты себебі – биліктен айрылып қалмау еді. Имам Ағзам қашан да пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұрпақтарының жанында болып, оларға қолдау көрсетіп отырды. Бұл – әділеттілікті жақтау мен пайғамбарымызға (с.ғ.с.) деген сүйіспеншіліктен туғанды.

Әбу Ханифа екі ерекшелігі үшін ылғи да осы аталмыш билік иелерінен қорлық көрді. Бірде үмәуейлердің кезінде Ирақ әкімі Язид ибн Умар Әбу Ханифаның саидтерге (пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұрпақтары) жақтасқанын біліп, шақырып алып әдейі сынайды. Қазылық жұмысын ұсынады, көнбейді. Одан кейін мемлекеттегі әр түрлі лауазымды орындарға шақырады, бірақ Имам Ағзам бұлардың ешқайсысын да қабылдамайды. Ибн Хубайра Әбу Ханифаны қапасақ салып, қинайды. Әбу Ханифаның ауыр азаптан басы жарылып, ісіп кетеді. Қанша дүре соқса да, ол алған бетінен қайтпайды.

Оның лауазымды қызметтерді қабылдамауының бірнеше себептері барды. Бірінші, ол мемлекетті басқаруда әділетсіз болған үмәуейлерді қолдағанда, халық арасында дау туатын еді. Екінші, үмәуейлердің басқару жүйесі мен қоғамдық тәртіптері ислам ұстанымдарына қайшы болатын. Өйткені, жазықсыз

жанның қанын төгу ханиф Исламға теріс іс-әрекет еді. Ал, әділеттілікті жасырып, өкіметтің қолтығына кіру Әбу Ханифа үшін елге жасалған нағыз зұлымдық саналды.

Аббасилер дәуірінде, шамалы 754 жылы халифа Әбу Жағфар (көбіне Мансұр деген атпен белгілі) Әбу Ханифаға қазылық жұмысын ұсынады. Ғалым қабылдамайды. Кейінірек халифа Мансұр бұл лауазымды тағы да ұсынады. Ол түрлі себеп айтып, келіспейді. Сонда халифа оған: «Өтірік айтпа!», – дегенде Әбу Ханифа: «*Сен сонда өтірікішіні қалай қази етпексің?*», – деген. Халифа ызаланып, оны қапасқа тастап, ел алдында күн сайын он рет қамшы ұруға және ол туралы жар салдыруға бұйырады. Қартайған шағында оны, сөйтіп, билік халық көзінше азапқа салады. Әбу Ханифаны билік тамақ бермей де аштан қинайды. Арада бес күн өткенде, яғни 767 жылы ол дүние салады. Оның жаназасы кезінде Бағдат қаласының көшелері халыққа толып кеткен деседі.

Түйін

Ұлық имам – имам Ағзам Әбу Ханифа қашан да ғұмыры мен бар мал-мүлкін Алла разылығы жолында жұмсап, келер ұрпаққа жақсы өнеге қалдырды. Ол қайтыс болғанда Ибн Жәриж қайғыға беріліп: «*Қандай білім кетті! Қандай білім кетті!*» – деп жылаған екен. Абай атамыздың: «*Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған?*» – деген сөздері де осындай дара тұлғаларға арналған шығар.

Қазақстан халқының басым бөлігі Әбу Ханифа мазхабын ұстанады. Сондықтан қазіргі басты мақсат – халқымыздың имандылығын, рухани деңгейін өсіру

үшін адамгершілікке тән қасиеттерге жетелейтін, әділдікті, шындықты, адалдықты уағыздайтын, елін, халқын сүюге тәрбиелейтін, басқа ұлт, басқа діндерге құрметпен қарайтын, ең жақсы әдет – ғұрыптарды уағыздайтын ислам дінінің құндылықтарын сауаттылық әрі парасаттылықпен насихаттау.

Күні кешегі атеистік идеологияның уытынан әлі айыға алмаған бүгінгі қоғамда діни сауаттылық пен танымның жеткіліксіздігінен түрлі ағымдар мен топтар жетегінде кеткен кейбір қандастарымыздың аузынан: – Әбу Ханифа мазһабын ұстанудың қажеті қанша?–деген қыршаңқы сауал ішінара болса да естіліп қалады. Бұл сауалды қоюшыларға ең алдымен Әбу Ханифа мазһабының ерекшеліктері мен мән-маңызын тереңірек зерделеуге кеңес берер едік. Екіншіден олар бұл құқықтық мектепті ата-бабаларымыз неге ұстанған деп, оның өміріміз бен қоғамымыздағы алар орны мен ролін бағамдауы ләзім. Осы мазһабты неге әлем мұсылмандарының жартысына жуығы ұстанатынына көңіл бөлуі тиіс. Бірлік пен ынтымақ әрбір мұсылман үшін аса қымбат.

Олай болса, Тәуелсіздігімізді одан әрі баянды ете түсу үшін, халқымыздың діни бірлігі мен рухани ынтымағын сақтап күшейту үшін Әбу Ханифа мазһабы қажет.

Егер Әбу Ханифа мазһабын ұстанбасақ, діни-рухани бірлік, тұтастықтан айрылып, арамызға діни алауыздық араласып, жік түседі. Діни амал жайлы бітпес дау, бірінің жағасынан бірі алу басталады. Менікі дұрыс дейтін топ-топқа бөлініп, ынтымақтан айрыламыз. Жақсы ғұрып пен әдет әдіра қалып, жақсы әдетке де қарсы шығуымыз көбейеді. Мұның

арты мемлекеттің қауіпсіздігіне әсер беріп, қасіретке душар етуі мүмкін.

Алла тағала ғибадаты мен ғибраты мол, жомарт, жұмсақ мінезді, тақуалы ұлы имамымыз Әбу Ханифаны рақымына бөлесін. Бүкіл дүние мұсылмандарының ынтымағы мен бірлігі нығайып, дау мен алауыздық жойылсын. Әлемде тыныштық пен сыйластық орнықсын. Әмин!

* * *

– Түсіндің бе?– деді Сәлімгерей ұлына.

– Түсіндім әке,– деді Арман. Ата – бабаларымыз мың жылдан бері Ұлық имам – имам Ағзам Әбу Ханифа мазхабын жайдан-жай ұстанып келмеген екен. Бір мазхабта болу, шындығында да елдің діни ауызбіршілігі, ынтымағы, шарифатқа қайшы келмейтін әдет-ғұрып, салт-санасын да тәрк етпеу екен ғой.

– Балам, мен саған өміріңе шамшырақ болар мына өсиеттерді де айтайын. Бұл өсиетті Имам Ағзам баласы Хаммадқа айтқан екен. Жақсылап тыңда:

«Балам! Аллаһ сені тура жолға бастап, әрқашан сенің жәрдемшің болсын,—деп дұға жасаумен бастады. Ұлым! Саған айтпақ әкелік насихатымды құлағыңа кұйып, жадында сақтасаң, бұл дүниеде де, ақыретте де бақытқа кенелерсің—деп тізбектей жөнелді.

Аллаһтан қорқып, он екі мүшеңді күнәдан тыйып, Жаратушымыздың бұйрықтарын толығымен орында.

Қажетіңе жарар ілімді үйренуде талабың қайтпасын.

Дініңе және өмірлік тұрмысыңа зияны тимейтін кісілермен ғана қарым-қатынаста бол.

Керегіңнен тыс нәрселерден нәпсіңді тый.

Мұсылманға да, зиммиге (мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілі) де өктемдік көрсетпе.

Аллаһ берген ризық-несібеңе қанағат ет.

Өзгеге мұқтаж болмау үшін барыңды дұрыс пайдалан.

Адамдар саған жек көріп қарайтындай іс жасама.

Қажетіңнен артық дүниеге беріліп кетуден сақтан.

Кісіге жолыққанда сөзіңді сәлеммен баста. Сөзің көркем, мәмілең кішіпейіл болсын. Жақсыларға жағымды, ал жаман кісімен мәмілелі қатынаста бол.

Аллаһқа көп зікір, пайғамбарымызға (с.ғ.с.) сансыз салауат айт.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан мына истиғфар дұғасын үнемі айтып жүр: *«Аллаһумма анта Рабби, ла иләһа илла анта. Халақтани уа ана абдука, уа ана ала аһдика уа уағдика ма истатағту. Ағузу бика мин шарри ма санағту, абу лака би нигматика алайа, абу би замби. Фағфирли фа иннаһу ла яғфиру зунуба илла анта»* мағынасы: *«Жаратқан Ием, Сен менің Раббымсың, Сенен өзге тәңір жоқ. Сен мені жараттың, мен Сенің құлыңмын. Сенің уәдеңе барынша лайық болуға тырысамын. Өзім жасаған жаман істерімнен Сенен пана сұраймын. Сенің құзырыңа Өзің берген нығметіңнің жауапкершілігі мен жасаған күнәмді арқалап барамын. Күнәмді кешіре гөр. Күнәларды тек Сен кешіресің»*. Осы ұлы истиғфарды түнде оқып жатқан пенде сол кеште кенеттен дүниеден көз жұмса пейішке кіреді. Сол сияқты таңертең оқып, күндіз қайтыс болса да пейішке кіреді.

Әр күні Құран оқуды әдет ет, оқыған Құраныңның сауабын Пайғамбарымызға (с.ғ.с.), ата-анаңа, ұстаздарың мен барша мұсылмандарға бағышта.

Дұшпаннан гөрі досыңнан сақтан. Өйткені, адамдар арасында бұзықтық көбейген сәтте дұшпаның досыңды пайдалануы мүмкін.

Сырыңды, дүниенді, ұстанған жолың мен барар жеріңді құпия сақта.

Көршілік ақысына дұрыс қара және көршіңнен келер келеңсіздіктерге сабырлық таныт.

Әһли сунна уал жамағат жолына берік бол, адасқандар мен надандардың маңына жолама.

Барлық ісінде ықыласты бол. Қандай жағдай болса да адал ризық табуға бар күш-жігеріңді сал.

500 хадис ішінен тандап алған мына 5 хадиске амал ет:

- Расында амалдар ниетке сай. Әр адамның ниетіне қарай ісі болмақ...

- Кісінің шынайы мұсылмандығы өзгенің ісіне кілікпеу.

- Өзіңе тілегенді өзгеге де тілемейінше кәміл иманға жетпейсің.

- «Халал да, харам да ашық айтылған. Алайда олардың арасында күмәнді нәрселер де бар. Көпшілік оны біле бермейді. Одан бойын аулақ ұстаған пенде діні мен абыройын қорғайды. Күмәнді істерден сақтанбаған кісі харамға өтіп кетуі айдан анық. Мұндай кісінің рұқсат етілмеген қорық маңында малын жайып жүрген шопан іспетті. Яғни кез-келген сәтте оның малы қорыққа өтіп кетуі мүмкін. Барлық патшалардың тыйым салған үкімдері болғаны сияқты Аллаһтың да тыйым салған үкімдері бар. Ол – Аллаһтың харам еткен істері. Денеде бір кесек ет

бар, ол аман болса дене де аман, ал сырқаттанса дене де сырқат. Ол – жүрек».

• Кісіге сөзімен де, ісімен де зиян тигізбейтін мұсылман – шынайы мұсылман.

20. Денің сау, басың аман күндерде де үнемі үрей мен үміт арасында жүр. Аллаһ тағала жайлы ойың жақсы, ниетің шынайы, ізгі үмітпен дүние сал», – депті. Міне, Имам Ағзам Әбу Ханифа ұлына осыны өсиет еткен екен. Сәлімгерей баласымен болған ұзақ та қызық әңгімесін аяқтады.

Алаулаған күн қып-қызыл боп Қызыл теңізге батты. Мекке шамдарын жақты. Айнала нұр жамыла бастады. Ақшам намазының азаны шақырылып қойған. Сәлімгерей баласын ертіп бас мешітке асығып барады. Ғибадатта өзіне, отбасына ғана емес, тәуелсіз отанына, халқына Жаратушы иемізден тілек тілемек. Алла тағала тілегін ылайым қабыл етсін!

Әдебиеттер:

1. Жұнайд Бағдәди, «Газкират ул-әулия», Ташкент, 1997
2. Имам Абу Ханифа ан-Нуъман. Алматы, 2005
3. Юсуф Тауасли, «Хикматлар хазинасы», Ташкент, 2003
4. Мухаммад Али әл-Кутб. Основатели четырех мазхабов. М.-Санкт-Петербург, «Диля», 2005

Мазмұны

Ұлық имам – Имам Ағзам Әбу Ханифа.....	3
Әбу Ханифа мәзһабы, мәні мен маңызы.....	4
Әбу Ханифа. Ғибратты өмір өрнектері.....	11
Әбу Ханифа – ұлық имам, мәшһүр ғалым.....	20
Әбу Ханифа: адалдық пен жомарттық үлгісі	24
Әбу Ханифаның тапқырлығы мен парасаттылығы	27
Әбу Ханифаның үкім шығаруда ақылға сүйенуі	36
Әбу Ханифа және шариғат заңы.....	37
Әбу Ханифаның шәкірттері	40
Түйін.....	45
Әдебиеттер:	51